

**6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
орындалған Сейлханова Айнур Ергалиевнаның
«Болашақ шетел тілі мұғалімдерді даярлауда цифрлық педагогиканы
қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Жоғары білім берудегі парадигмалық өзгерістерді ескеретін жаңа формациядағы мамандарын даярлауда оқытудың білім беру тәжірибесімен байланысының жалпы дидактикалық ұстанымдарын сақталуына және оның жалпы қоғам дамуының қазіргі жағдайларына сәйкестігін қамтамасыз ететін жаңашыл педагогикалық ізденістердің қалыптасуына әкелді. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінің сапасын арттыру мәселесін зерделеу бойынша диссертант Сейлханова Айнур Ергалиевнаның зерттеу тақырыбы өзектенуінің дәлелі келесі маңызды деген нормативті құжаттарда көрініс тапты: Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы; Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары; Білім беру сапасын оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта жасау; Цифрлық экономика үшін адами капиталды дамыту; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында дағдылар мен құзыреттерді дамыту бойынша үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектерін қолдау және "жаңарту (абгрейд)"; Қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру; «Педагог мәртебесі» туралы заңы; Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдама.

Сондықтан, цифрлық педагогиканы ғылыми негіздеу және болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда оның педагогикалық теорияда әзірлемесін жасау ғылыми-педагогикалық негіздерінің қажеттілігінен туындады.

Әлбетте, ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың өзектілігі жоғары деп танылды. Жұмыстың құрылымы логикалық жағынан өте ұтымды, бөлімдер мен тараулар бірінен-бірі туындап, бірізді байланысты. Теориялық бөлімінде диссертант ғылыми әдістерді қолдана отырып, өзінің жоғары ғылыми дайындығын танытты. Атап айтқанда, ғылыми метрикалық және библио метрикалық деректер талдауын Vosviewer бағдарламасын ұтымды әрі дәйекті пайдаланып, цифрлық

педагогиканың жоғары білім беру жүйесіндегі парадигмалық өзгерістер негізінде туындаған мәселе деп дәлелді әдеби шолу жүргізе алды. Осы тұста диссертант цифрландыру жағдайындағы арнайы әдіснамалық тұғырлар негізінде цифрлық педагогиканың мән-мағынасын толыққанды ашып көрсетті. Цифрлық педагогиканың жұмыс анықтамасын беру үшін диссертант шетелдік және алыс-жақын зерттеушілердің еңбектеріне салыстырмалы талдау жүргізді. Соның негізінде диссертант болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану деп жаңа форматтағы маманды айқындайтын тұжырымдамалық модель «цифрлық педагог»пен соның негізінде цифрлық педагогиканы қолдану технологиясының әзірлемесін ұсынады. Ал, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясының тиімділігін цифрлық сауаттылық индексі арқылы тексерді, оны күрделі статистикалық регрессиялық модельдер арқылы жүргізді. Сондай-ақ, диссертант электронды оқу құралы мен платформа әзірлеп, оның авторлық функционалдары негізінде аталмыш әзірленген технологияның барысы жүргізілді.

Диссертациядағы нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы педагогика ғылымы және шетел тілін даярлау теориясы мен әдістемесі үшін өте зор. Сондай-ақ, алынған нәтижелерді кең ғылыми-педагогикалық аудиторияға және басқа білім беру мамандықтары үшін қолдануға тиімділігінің баршылығын атау керек. Диссертант өзінің дербестігімен, ғылыми ұстанымымен қол жеткізген ғылыми нәтижелердің қағидаттарды атап айтсақ, *алғаш рет*:

- цифрлық педагогиканың теориялық негіздері айқындалып, оның жұмыс анықтамасы нақтыланды.
- соның негізінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда тұжырымдамалық модель «цифрлық педагог» ретінде анықталды.
- болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясы әзірленді.
- технологияның тиімділігі цифрлық сауаттылық индексі арқылы тексерілді.
- технологияның цифрлық білім беру құралы ретінде платформаның өзіндік авторлық функционалдары әзірленді.

Зерттеу барысында алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері диссертацияға қойылған талаптарға сай. Тараулар мен бөлімдер арасындағы құрылымдық және логикалық байланыс сақталған. Диссертант ғылыми жұмыста қойылған мақсат пен міндеттерін толықтай орындады және зерттеу жұмыстың нәтижелері мен шығарылған ғылыми ережелердің теориялық әрі практикалық маңыздылығы

жоғары деңгейде.

Диссертация тақырыбы бойынша 11 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде 2 мақала Scopus, Web of Science дерекқорына кіретін шетелдік басылымда, 4 мақала ҚР ҒЖБМҒК ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 мақала халықаралық конференция материалдарында, 1 электрондық оқу құралы.

Диссертация «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сәйкес келетіндіктен, Сейлханова Айнур Ергалиевнаның «Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты еңбегі үшін 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші

п.ғ.д., профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің стратегиялық мәселелер
жөніндегі проректоры



Жетписбаева Б.А.

